**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ**
**ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ**
**БӘРІМБЕК БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ**
**ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ**

**Заң институты**
**Мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасы**

**БЕКІТЕМІН**
**Академия бастығының**
**оқу ісі жөніндегі орынбасары**
**з.ғ.д., профессор**
**полиция полковнигі**

**____________ З.С. Тоқыбаев**
**2017ж. «_____» ______________**

# «Қазақстан Республикасының мемлекет және құқығы тарихы» пәні бойынша жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

**С И Л Л А Б У С**

**KR MKT 2210**

**5В030300 құқық қорғау қызметі мамандығы**

Оқыту нысаны: күндізгі
Курс: 2
Семестр: 3
Кредиттер саны: 1
Дәріс: 5 сағ.
Семинар: 10 сағ.
КОӨЖ: 15 сағ.
КӨЖ: 15 сағ.
Рейтингтік бақылау (МБ): 2
Емтихан: 3 семестр

**Қарағанды 2017**

«Қазақстан Республикасының мемлекет және құқығы тарихы» пәні бойынша 5В030300 құқық қорғау қызметі мамандығына арналған жұмыс оқу бағдарламасы (SYLLABUS)

Құрастырған: мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, полиция подполковнигі А.Т. Байғұтанова

Кафедра отырысында қарастырылды және мақұлданды
«     » мамыр  2017 ж.,  №      хаттама

Мемлекеттік-құқықтық пәндер
кафедрасының бастығы, з.ғ.к.,
полиция майоры                                        Р.Қ. Джиембаев

ОӘК отырысында қарастырылды
2017 ж. «___»  _______  № ___ хаттама

© Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, 2017

**3.1. Негізгі ақпарат**

| | |
|---|---|
| 1. Шифр және мамандық атауы | 5В030300 құқық қорғау қызметі мамандығы |
| 2. Курс, семестр | 2-курс 3-семестр бакалавриат |
| 3. Пән циклі | Курсант бойынша құрауыш |
| 4. Кредиттер саны | 2 кредит |
| 5. Сабақ өткізу орны | Оқу аудиториясы |
| 6. Дәріскер (т.а.ж., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты) | Бейбітхан Нұргүл, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, (Ермеков көшесі, 124), байланыс телефон – 30-34-16, ішкі.-211, 312 |
| 7. Қалған сабақ түрлерін жүргізетін оқытушылар (т.а.ж., лауазымы, ғылыми дәрежесі, басқа да байланыс ақпараты) | Бейбітхан Нұргүл, мемлекеттік-құқықтық пәндер кафедрасының оқытушысы, (Ермеков көшесі, 124), байланыс телефон – 30-34-16, ішкі.-211, 312 |

**3.2. Пререквизит:** Аталмыш курстың материалын игеруден бұрын курсантқа белгіленген оқу жұмысы жоспары көлемінде алатын тиісті құқықтық теоретикалық білім қажет.

**3.3. Постреквизит:** Белгіленген курс бойынша оқыту көлемі курсанттардың білім, іскерлік, ғылыми зерттеулер барысында арнайы ғылыми ілімдерді пайдалануда ұсынымдар мен дағдыларды пайдалану мақсатында жұмсалу керек. Курсанттың аталған курсты зерделегеннен кейін алған білімі қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу құқығы, әкімшілік құқық және басқалары, сондай-ақ арнайы секілді пәндерді меңгеру кезінде қолданылуы қажет.

**3.4. Пәнді қысқаша сипаттау**

**Курстың мақсаттары:**

«Қазақстан Республикасының мемлекет және құқығы тарихы» пәнінде құқықты оқытудың маңызды мәселелерін және мәселелі жақтарын қарастырған. Қазіргі кезеңде Республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңістігіне енуге бағыт алуда. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр: білім беру парадигмасы өзгерді, білім берудің мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас, жаңаша қарым-қатынас пайда болды.

- Қазақстандағы мемлекет пен құқықтың пайда болу, қалыптасу және даму тарихы туралы курсанттардың бойында тұтас дүниетанымды айқын да нақты дамыту;
- курсанттарда алғашқы мемлекеттік-құқықтық ой-түйсігін қалыптастыру болып табылады.

**Курстың міндеттері:**

Білім беру саласы қызметкерлерінің алдында қойылып отырған басты міндеттерінің бірі - оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру.

Негізінен, заңгер кәсібіне қойылатын талаптар: нақты теориялық білімді, қазіргі құқықтық және экономикалық қатынастарда ойлау қабілеті дұрыс, мемлекеттік саясат ағымын талқылай алатын маман болу керек. Сондай-ақ, олар заңдарды біліп, өзінің білімін кәсіби қызметтегі тәжірибеде пайдаланып, мамандығы бойынша тәжірибелік дағдыларды игеріп, жұмысында қолдана алуға қалыптасуы керек. Ал, заңгерлердің кәсіби мәдениеттілігі, басқару әдістерін білу, ел арасында тәрбиелік және құқық жұмыстарын жүргізіп насихаттау, үнемі біліктілігін жетілдіру, нарықтық даму жағдайында өзге адамдармен қарым-қатынас жасай білу қасиетін көрсетеді. Мемлекеттік білім стандарт деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру жаңа педагогикалық технологияларды ендіруді міндеттейді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:**

Бұл пәннің маман даярлаудағы ролі мен маңызы мынада: бұл пәнді оқып үйрену Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығы тарихы жөнінде тұтастай түсінік қалыптастыруға, Қазақстандағы мемлекеттік-құқықтық құбылыстардың эволюциясының жалпы және ерекше заңдылықтарын ашуға, республикамыздың саяси-құкықтық өмірінің өткені, бүгіні мен болашағына қатысты мәселелерді еркін бағдарлай алуға баулау болып табылады.

Пәнде ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі республика аумағында өмір сүрген мемлекеттік бірлестіктер мен құқықтық жүйелердің типтері мен нысандарының әр алуан қырлары ашып көрсетіледі: - протоқазақтардың мемлекеттері мен құқықтық жүйелері, Қазақ Ордасының қалыптасуы мен қызмет етуі, оның Ресей империясының отарлауы тұсындағы құлдырауы, ұлттық қазақ мемлекетінің кеңестік нысандары, Қазақстан Республикасының тәуелсіз мемлекет ретінде орнығуы мен даму мәселелері сөз болады.

Пәнде республикамыздың мемлекеттік-құқықтық өмірінің тарихының негізгі түсініктері мен категориялары сараланады.

Бұл пәнмен өзара байланысты пәндер: мемлекет және құқық теориясы, мемлекет және құқықтың жалпы тарихы, саяси және құқықтық ілімдер тарихы.

Мемлекет және құқық теориясында мемлекеттану мен кұкықтанудың негізгі категориялары мен түсініктері қарастырылады, ал Қазақстан Республикасының мемлекет және кұқык тарихы мемлекет және құқық теориясының ұғым-түсініктеріне сүйене отырып. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихының накты фактілері мен оқиғаларының ішкі зандылықтары мен бағыттарын ашып көрсетуге ұмтылады. Мемлекет және құқықтың жалпы тарихында әлемдік масштабтағы мемлекет пен құқықтың тарихы оқытылады, ал

Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихында отандык мемлекеттік-құқықтык дамудың тарихын қарастырады.

- Қазақстан аумағындағы ежелгі дәуірлерден бүгінгі күнге дейінгі мемлекеттердің типтері, нысандары және құқық жүйелері туралы қордаланған білімді хронологиялық тәртіпте бере білу;

- олардың пайда болуы мен қызмет етуінің шартының, нақты себептері мен уақыттык аясын және де биліктік қатынастардың ішкі құрлымы мен мемлекеттік органдардың механизмін, олардың эволюциялық дамуының заңдылықтарын қарастыру;

- Қазақ Ордасының қалыптасуын бірнеше ғасырларғы созылған протоқазак мемлекетінін даму нәтижесінің заңдылығы ретінде ашып көрсету, оның қазақ этносының мемлекеттілігі ретіндегі жалпы және ерекше қасиеттеріне сипаттама беру;

- Қазақстандағы дербес мемлекеттіліктің Ресей отарлауының нәтижесінде құлдырау процесін және кеңестік өкімет тұсындағы қазақ ұлттық мемлекеттілігінің құрылуын зерделеу;

- Қазақстан Республикасының тәуелсіз және егеменді мемлекет ретінде орнығу мен дамуын объективті, әрі заңды құбылыс деп бағалай отырып, оның құқықтық жүйесінің қалыптасу процесін ой елегінен өткізу.

Пәнді оқыту әдістемелігі оның ерекшеліктерімен, сонымен қатар зерделеу мақсатымен анықталады. Осыған байланысты жете түсіну барысында пәннің анағұрлым маңызды мәселелері бойынша рефераттарды дайындау және қорғау, коллоквиумдар, монографиялар мен өзге де ғылыми жұмыстарды талқылау ретінде оқытудың осындай әдістерін көбірек қолданған дұрыс.

Курсант құқық теориясының ұғымы мен негізгі сатысын, құқық қайнар көздерінің ұғымын олардың түрлерін, құқықтық жүйелердің түрлерін, мемлекет пен мемлекеттік органдардың сыртқы саяси қызметінің мазмұнын, әрекеттегі құқық жүйесіндегі халықаралық шарттың орнын білуі қажет.

## 3.5. Пән бойынша тапсырмалар орындау және тапсыру кестесі:

<table>
<tr><td rowspan="2">Жұмыстың түрі</td><td rowspan="2" colspan="2">Позициясы</td><td colspan="3">Балдар</td></tr>
<tr><td colspan="2">Позиция бойынша</td><td>Барлығы</td></tr>
<tr><td colspan="5">Барлық аудиториялық жұмыс, оның ішінде:</td><td></td></tr>
<tr><td>Дәріс</td><td colspan="2">Қатысу<br>Конспект</td><td colspan="2">Әр қатысуына –1<br>Әр конспектісіне -1</td><td></td></tr>
<tr><td>Тәжірибе/семинар сабақтар</td><td colspan="2">Қатысу<br>Белсенділігі</td><td colspan="2">Әр қатысуына –1<br>Әр сабақта: A – 1<br>B – 0,75<br>C – 0,5<br>D - 0,25</td><td>1<br>1<br>0,75<br>0,5<br>0,25</td></tr>
<tr><td colspan="5">Барлық межелік бақылау (көлемі кредиттің санына қатысты), оның ішінде:</td><td></td></tr>
<tr><td>(өткізу нысаны)</td><td colspan="2">(өткізу мерзімі және сұрақтың саны)</td><td colspan="2">A - 4,0 балл<br>B - 3,33 балл<br>C - 2,33 балл<br>D - 1,33 балл</td><td>4,0<br>3,33<br>2,33<br>1,33</td></tr>
<tr><td colspan="5">Барлық КОӨЖ (кредиттің санына КОӨЖ түрі), оның ішінде:</td><td></td></tr>
<tr><td rowspan="2">КОӨЖ түрі</td><td colspan="2">Кесте (апталық)</td><td colspan="2">Балдарды үлестіру</td><td>Барлық балдар</td></tr>
<tr><td>Тапсырманы беру</td><td>Тапсырманы орындау</td><td>Уақытылы рәсімдеуді тапсыру</td><td>Жұмысты қорғау</td><td></td></tr>
<tr><td>Баяндама, эссе, реферат, глос-сарий, бақылау жұмысы, семе-стрлік жұмыс, есептік-графи-калық жұмы-стар, курстық жоба (жұмыс), топтық жоба және т.б.</td><td></td><td></td><td>A-4,0 балл<br>B-3,33 бал<br>C-2,33бал<br>D-1,33 бал</td><td>A-4,0 балл<br>B-3,33 бал<br>C-2,33бал<br>D-1,33 бал</td><td>4,0<br>3,33<br>2,33<br>1,33</td></tr>
<tr><td>Аралық аттестация (емтихан)</td><td colspan="2">Мерзім, нысан (ауызша, жазбаша, құрамдастырылған немесе тестілеу) және сұрақтың саны</td><td colspan="2">Әр сұраққа:<br>A - 4,0 балл<br>B - 3,33 бал<br>C - 2,33бал<br>D - 1,33 бал</td><td>4,0<br>3,33 2,33<br>1,33</td></tr>
<tr><td colspan="5">Барлығы</td><td></td></tr>
</table>

## 3.6. Курс саясаты:

*Курсанттарға қойылатын талаптар:*

- сабаққа қатысу;

- КОӨЖ және КӨЖ, рейтингтер бойынша тапсырмаларды орындау, семинар сабақтарына жүйелі түрдеу дайындалу;

- сабақтарда белсенділік таныту;

- тапсырмаларды уақытында орындау;

- пәнді, курстың жекелеген тақырыптарын зерделеуде бастамашылық таныту.

*Жол берілмейді:*

- сабақтан кешігу және кетіп қалу;

- сабақ барысында ұялы телефонды қолдану;

- бір-бірінен әдебиет көздерінен әдеби жиендік жасау;

- сабақ барысында оқытушыға және жолдастарына бөтен сұрақтар қойып, әңгімелесіп, алаңдату;

- оқытушыға және жолдастарына дөрекілік, тұрпайылық көрсету;

- тапсырмаларды уақытында тапсырмау.

КОӨЖ және КӨЖ бойынша тапсырмаларды орындау түрі және мерзімі.

КОӨЖ және КӨЖ бойынша тапсырмаларды орындау түрі, мерзімі және кестесі оқу-әдістемелік кешенінде көрсетілген.

**Баға қою саясаты:**

Пәнді оқыту өтілген барлық материалды қамтып, тест түріндегі емтиханмен аяқталады. Емтиханға рұқсатнама алу үшін міндетті талап бағдарламада қарастырылған барлық тапсырмалардың орындалуы болып табылады. Дәріс курсының тақырыптары бойынша жоспарланған: жазба жұмыстары, КОӨЖ аясында құқық қорғау органының ең өзекті мәселелері бойынша пікірталас.

Қорытынды бағаны қою барысында балл қою ағымдағы бақылаудың нәтижелері бойынша есептеледі.

Межелік бақылау № 1 (ағымдағы бақылау енеді) – 30 % 7 аптада өтеді.

Межелік бақылау № 2 (ағымдағы бақылау енеді) – 30 % 15 аптада өтеді.

Емтихан – 40 %.

Ағымдық және межелік бақылаудың қорытындысы жинау қағидасы бойынша ведомоспен ұсынылады және емтиханға рұқсатнамаға негіз болып табылады.

Егер курсант межелік бақылауды тапсыру қорытындысы бойынша пән бойынша (60 %) бағаның жартысын ғана алса, емтиханға жіберілмейді.

Пән бойынша емтихан бағасы аралық аттестация және межелік бақылау бойынша үлгерім көрсеткішінің сомасы ретінде анықталады – 40 % және 100 % құрайды.

| **Курсанттардың сабақ уақытын бөлу** | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| **Барлығы (көлемі)** | **Аудиторлық сағат** | | | | **Аудиториядан тыс сағат** | |
| | Дәріс | Семинар. сабақ | Практик. сабақ | КОӨЖ (аудитор.) | КӨЖ | |

| **1 кредит<br>45 сағат** | 50/5<br>мин/ саб. | 50/10<br>мин/саб. | -<br>мин/саб. | 50/15<br>мин/саб. | 50/15 | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | 5<br>сабақ | 10<br>сабақ | -<br>сабақ | 15<br>сабақ | 15<br>сабақ | |

**Курсанттар білімінің бағалық жүйесі**

Емтихандық баға пән бойынша ең жоғарғы /максималдық/ межелік бақылау бағаларымен анықталады – 60% және аралық аттестация /емтиханға/ - 40% ал 100% құрайды, осылай қорытынды баға мына формуламен анықталады:

$$И\% = Р_1 + Р_2/2х0,4 + Әх0,6$$

Бұл жерде:

$Р_1$ – бірінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы.

$Р_2$ – екінші рейтинг бойынша бағалардың пайыздық құрамы

Ә – емтихандық бағалардың пайыздық құрамы

Сондықтан, нақты есеппен қорытынды бағаларды оқышылардың білімімен бағалау қажет межелік бақылауда /рейтингте/ және емтихандағы қорытынды пайызбен 0-ден 100%-ге дейін.

Курсанттардың білімі, дайындығы және іскерлігі келесі жүйе бойынша бағаланады:

| **Әріптік жүйе бойынша бағалау** | **Баллдардың сандық эквиваленті** | **Пайыздық мағынасы** | **Дәстүрлі жүйе бойынша бағасы** |
|---|---|---|---|
| А | 4,0 | 95-100 | Өте жақсы |
| А- | 3,67 | 90-94 | |
| В+ | 3,33 | 85-89 | Жақсы |
| В | 3,0 | 80-84 | |
| В- | 2,67 | 75-79 | |
| С+ | 2,33 | 70-74 | Қанағаттанарлық |
| С | 2,0 | 65-69 | |
| С- | 1,67 | 60-64 | |
| Д- | 1,33 | 55-59 | |
| Д | 1,0 | 50-54 | |
| F | 0 | 0-49 | Қанағаттанарлық емес |

## 3.7. ҰСЫНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

| № | **Автор, атауы** | **Жылы, басылым орны** |
|---|---|---|
| **1. Нормативтік-құқықтық актілер** | | |
| **1.1. Конституция және конституциялық заңдар:** | | |
| 1 | Қазақстан Республикасының Конституциясы. 28.02.1993. | Алматы, 1993. |
| 2 | Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылы 30 тамызда қабылданған (2011 жылғы өзгерістер мен толықтырулар). | Астана 2014ж. |

| | | |
|---|---|---|
| 3 | "Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 28 маусымдағы 23-V Конституциялық заңы. | 2012ж. 28.06 |
| 4 | "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2012 ж. 16 ақпандағы № 559-IV Конституциялық Заңы. | 2012ж. 16.02 |
| 5 | "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 9 ақпандағы N 124-IV Конституциялық заңы | 2009ж. 09.02 |
| 6 | "Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 шілдедегі N 56-IV Конституциялық Заңы | 2008ж. 04.07 |
| 7 | "Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 17 маусымдағы N 41-IV Конституциялық заңы | 2012ж.<br>23.08.<br>№ 1080 |
| 8 | "Республикалық референдум туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 мамырдағы N 30-IV Конституциялық заңы | 2008ж.<br>04.05 |
| 9 | "Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2007ж. 19.06 N 267 Констит. заңы | 2007ж.<br>19.06 |
| 10 | "Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2007ж. 19.06 N 266 Констит. заңы. | 2007ж. 19.06 |
| 11 | "Қазақстан Республикасының Президенті туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 19 маусымдағы N 265 Конституциялық заңы | 2007ж. 19.06 |
| 12 | Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысындағы өзгерістер жағдайындағы жергілікті өкілді органдар жүйесі туралы. Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы. 1997 жылғы 19 маусымдағы N 130 | 1997ж. 19.06 |
| 13 | Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 2737 Конституциялық заңы | 1995ж. 29.12 |
| 14 | Қазақстан Республикасының Президенті туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 26 желтоқсандағы N 2733 | 1995ж. 26.12 |

| | | |
|---|---|---|
| | Конституциялық заңы | |
| 15 | Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы N 2688 Конституциялық заңы | 1995ж. 18.12 |
| 16 | Республикалық референдум туралы. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 2 қарашадағы N 2592 Конституциялық заңы | 1995ж. 02.11 |
| 17 | Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының 1995ж. 16.10 N 2529 Констит. заңы | 1995ж. 16.10 |
| 18 | Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы Қазақстан Республикасының 1995ж. 28.09 N 2464 Констит. заңы | 1995ж. 28.09 |
| 19 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы. Қазақстан Республикасының конституциялық заңы. 1991 жылғы 16 желтоқсан | 1991ж. 16.12 |
| 20 | Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы Декларация, 25.10.1990 ж. | 1990ж. 25.10 |
| **1.2. Заңдар:** | | |
| 21 | Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы Заңы | 1991. |
| 22 | Семей ядролық сынақ полигонындағы ядролық сынақтардың салдарынан зардап шеккен азаматтарды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1992 жылғы 18 желтоқсан N 1787-XII Заңы | 1992. |
| 23 | Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 2200 Заңы | 1993. |
| 24 | Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 08 12 N 4200 Заңы | 1993 |
| 25 | Қазақстан Республикасында бейбіт жиналыстар, митингілер, шерулер, пикеттер және демонстрациялар ұйымдастыру мен өткізу тәртібі туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 17 наурыздағы N 2126 Заңы | 1995. |
| 26 | Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2337 Заңы | 1995. |
| 27 | Прокуратура туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 21 желтоқсандағы N 2709 Заңы | 1995. |
| 28 | Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары туралы Қазақстан Республикасының 1995ж. 21 желтоқсандағы N 2710 Заңы | 1995. |
| 29 | Қоғамдық бірлестіктер туралы Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 31 мамырдағы N 3 Заңы | 1996. |
| 30 | Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 мамырдағы N 101 Заңы | 1997. |
| 31 | Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы-мемлекеттердің Парламентаралық Ассамблеясы туралы Конвенцияны бекіту туралы Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңы 1997 жылғы 10 маусымдағы N 117 | 1997. |
| 32 | Сот приставтары туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 7 шілдедегі N 150 Заңы | 1997. |

| | | |
|---|---|---|
| 33 | Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі N 151 Заңы | 1997. |
| 34 | Нотариат туралы Қазақстан Республикасы 1997ж. 14 07 N 155 Заңы | 1997. |
| 35 | Адвокаттық қызмет туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы N 195 Заңы | М. 1999 |
| 36 | Қазақстан Республикасының Нәсілдік кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы халықаралық конвенцияға қосылуы туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 29 06 N 245 Заңы | 1998. |
| 37 | Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 2 шілдедегі N 267 Заңы | 1998. |
| 38 | Бұқаралық ақпарат құралдары туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 451 Заңы | 1999. |
| 39 | Мемлекеттік қызмет туралы Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 23 шілдедегі N 453 Заңы | 1999. |
| 40 | Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148 Заңы | 2001. |
| 41 | "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 шілдедегі N 57-IV Заңы | 2008. |
| 42 | Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 20 қазандағы N 70-IV Заңы | 2008 |
| 43 | Қазақстан Республикасының Жоғары Сот Кеңесі туралы Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 17 қарашадағы N 79-IV Заңы | 2008 |
| 44 | Құқық қорғау қызметі туралы Қазақстан Республикасының 2012ж. 27.04 Заңы | 2012 |
| 45 | Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014ж. 23 сәуірдегі №199-V ҚРЗ | 2014. |
| 46 | Сот төрелігіне халықаралық қол жеткізу туралы конвенцияны ратификациялау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 262-V ҚРЗ | 2014. |
| 47 | Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы, Қарулы Күштері және Мемлекеттік күзет қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 10 қаңтардағы № 275-V ҚРЗ | 2015. |
| 48 | Мемлекеттік жастар саясаты туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2015 жылғы 9 ақпандағы № 285-V ҚРЗ | 2015. |
| **1.3. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдаулары:** | | |
| 49 | Бұдан ары қарайғы мемлекеттік құрылыстың 100 нақты қадамы – 2015ж. 29.04. | 2015 |
| 50 | Нұрлы жол – болашаққа бастар жол - 2014 жылғы 11 қараша. | 2014. |
| 51 | Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ - 2014ж. 17 қаңтар. | 2014. |
| 52 | «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты - 2012 жылғы 14 желтоқсан. | 2012. |
| 53 | Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты | 2012. |

| | | |
|---|---|---|
| | бағыты - 2012 жылғы 27 қаңтар. | |
| 54 | Болашақтың іргесін бірге қалай- 2011 жылғы 28 қаңтар. | 2011. |
| 55 | Жаңа он жылдыққа, жаңа экономикалық өрлеуге, Қазақстанның жаңа мүмкіндіктері – 2010 жыл 30 қаңтар. | 2010. |
| 56 | Дағдарыстан – дамуға - 2009 жылғы 6 наурыз; | 2009. |
| 57 | Қазақстан халқының әл-ауқатын арттыру - мемлекеттік саясаттың басты мақсаты 2008 жылғы 7 ақпан; | 2008. |
| 58 | Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан - 2007 жылғы 28 ақпан; | 2007. |
| 59 | Қазақстан өз дамуындағы жаңа серпіліс жасау қарсаңында. 2006.03. | 2006. |
| 60 | Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңару жолында - 2005 жылғы 18 ақпан; | 2015. |
| 61 | Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін! - 2004 жылғы 19 наурыз; | 2004. |
| 62 | Ішкі және сыртқы саясаттың 2004 ж. арналған негізгі бағыттары - 2003ж. 4.04; | 2003. |
| 63 | Ішкі және сыртқы саясаттың 2003 ж. негізгі бағыттары туралы 2002ж. сәуір; | 2002. |
| 64 | Елдегі жағдай және 2002 жылғы ішкі және сыртқы саясаттың негізгі бағыттары туралы - 2001 жыл; | 2001. |
| 65 | Еркін де еңселі әрі қауіпсіз қоғамға - 2000 жылғы 25 қазан; | 2000. |
| 66 | Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы 11.10.1997. | 1997. |
| | **2. Негізгі әдебиеттер** | |
| 67 | Абдакимов А. История Казахстана (с древнейших времен до наших дней): Учебное пособие | Астана: РИК,1999. |
| 68 | Абиль Е. История государства и права Республики Казахстан (с древнейших времен до 1992 года). – 2 изд-е, перераб. и доп. – | Астана, 2001. |
| 69 | Абиль Е., Кузембайулы А. История государства и права в древнем и раннесредневековом Казахстане: Учеб. пособие | Петропавл к, 1999. |
| 70 | Агаджанов С.Г. Государство и право Сульджукидов и Средняя Азия в XI – XII вв. | М., 1991. |
| 71 | Артыкбаев Ж.О. Қазақстан тарихы, оқулық хрестоматия | Астана, 2000. |
| 72 | Асфендияров С.Д. История Казахстана с древнейших времен | А-А, 1993. |
| 73 | Асфендияров С. Қазақстан тарихы | Алматы, 1993. |
| 74 | Ахметова Н.С. Обычное право казахов в XVIII-XIX в. | Караг. 1990. |
| 75 | Әбдәкімұлы Ә. Қазақстан тарихы | Алматы 2005. |
| 76 | Байбатша Ә. Қазақ даласының ежелгі тарихы | Алматы, 1998 |
| 77 | Берденова К.Ә. Қазақстанның мемлекет ретінде қалыптасуы және экономикалық даму негіздері | Алматы,2000 |
| 78 | Бичурин Н.Я. Орта Азия және Шығыс Түркістан. Оқу құралы | Алматы, 1997 |
| 79 | Древний мир права казахов. Материалы, документы и исследования в 10-ти т. Том 1. | Алматы, 2000. |
| 80 | Ереже (положение съезда биев). Сборник правовых памятников и документов по Истории обычного права казахов II пол. XIX в. //Сост.Ахметова Н.С., Кожахметов Г.З. | Караганда 1997. |
| 81 | Зиманов С., Өсеров Н. Қазақ, әдет ғұрып заңдарына шариаттың әсері | А. 1998. |

| | | |
|---|---|---|
| 82 | История государства и права Казахской ССР. - Т.1. | Алм.1982. |
| 83 | История государства и права Казахской ССР. - Т.2. | Алм. 1984. |
| 84 | Кузембайулы А. История Казахстана | Петроп. 2000. |
| 85 | Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары | Алматы, 1996 |
| 86 | Қазақстан тарихы очерктер | Алматы, 1994. |
| 87 | Қазақтың көне тарихы | Алматы,1993 |
| 88 | Қазақтың қысқаша тарихы | Алматы. 1998. |
| 89 | Қазақстан тарихы ежелгі дүниеден бастап бүгінгі күнге дейін | Алматы, 1993 |
| 90 | Қазақстан тарихы. 5 томдық. 1, 2, 3 тт. | Алматы, 1996, 1998, 2002. |
| 91 | Қазақтың ата заңдары: құжаттар, деректер мен зерттеулер.-Древний мир права казахов. 10 томдық.-1,2 том | Алматы, 2001 |
| 92 | Мағауин М. Қазақ тарихының әліппесі | Алматы, 1995 |
| 93 | Маймақов Ғ. Қазақстанның саяси-құқықтық тарихы. | Алматы: 2000 |
| 94 | Материалы по истории государства и права Казахстана. Вторая половина XIX – начало XX вв. | Алматы, 1994. |
| 95 | Мәшімбаев С.М. Патшалық Ресейдің отаршылдық саясаты | Алматы, 1994. |
| 96 | Мусульманское право (учебник) /Под ред.Сарсембаева М. | Алматы, 1999. |
| 97 | Нығмет Мыңжан. Қазақтың қысқаша тарихы | Алматы,1994 |
| 98 | Өсеров Н. Жеты Жарғы | Алматы, 1995 |
| 99 | Сарыбаев С. Қазақстан тарихы | Алматы,1997 |
| 100 | Түсіпбеков С.С. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы | Қарағанды 2010 |
| 101 | Сарсембаев М.А. Международное право в истории Казахстана и Средней Азии | Алматы, 1994. |
| **3. Қосымша әдебиеттер тізімі:** | | |
| 102 | Абайдельдинов Е.М. Политико-правовая история Республики Казахстан | Алм. 1999. |
| 103 | Абдильдин С. Парламент Казахстана: от Союза к государственности | Алм. 1993. |
| 104 | Абдрахманова Б. История Казахстана: власть, система управления и территориальное устройство в XIX веке | Астана 1998. |
| 105 | Абусеитова М.Х. Казахское ханство во второй половине XVI в. | Алм. 1985. |
| 106 | Абылай хан Кенесары (проблемы национально-освободительного движения). | Алм. 1993. |
| 107 | Абылхожин Ж.Б. и др. Страна в сердце Евразии (сюжеты по истории Казахстана). | Алм. 1998. |
| 108 | Агдарбеков Т.А. Проблемы национально-государственного строительства в Казахстане | Алм 1990. |
| 109 | Айткулова Н.Л. Понятие ”аип” в обычном праве казахов //Известия Министерства образования и науки Республики Казахстан, Национальной Академии наук Республики Казахстан, Серия общественных наук. - № 4 (222), июль-август. | Алм. 1999. |
| 110 | Акишев А.К. Искусство и мифология саков | Алм. 1984. |
| 111 | Алар А. Моңғолдың қысқаша тарихы. //Қазақ тарихы, № 5, 1997 | Алм. 1997 |
| 112 | Алаш – Орда. Сборник документов | Алм. 1992. |
| 113 | Алимжан К.А. Обычное право и другие формы права. //Научные | Алматы, 1999. |

| | | |
|---|---|---|
| | труды КАЗГЮУ. – Вып. 1. | |
| 114 | Алимжан К.А. Суд биев как обычно-правовое учреждение и институт обычного права.//Право и государство. – 1998. - № 3 | 1998 |
| 115 | Алтын Орда: Қазақ хандығы (І бөлім) | Алматы, 2004. |
| 116 | Аманжолов К., Рахметов Қ. Түркі халықтарының тарихы. 1-3 т. | Алм. 1996-1999 |
| 117 | Артыкбаев Ж.О. История Казахстана в XIX веке | Қараған. 1992. |
| 118 | Артыкбаев Ж.О. Казахское общество: традиции и инновации | Қараған. 1993. |
| 119 | Атишев А.А. Политическая мысль Казахстана во второй пол.XIX - нач.XX века | Алм. 1979. |
| 120 | Ахинжаров С.М. Кыпчаки в истории средневекового Казахстана | Алм, 1995. |
| 121 | Ахметов Б.А. Государство кочевых узбеков | М., 1965. |
| 122 | Ахметова Н.С. Институт ”Кун” в обычном праве казахов и его отмена Советской властью | Алматы, 1993. |
| 123 | Аяганов Б.Г. Государство Казах-н: эволюция общественной системы | Алм. 1993. |
| 124 | Баймаханов М.Т., Вайсберг Л.М., Котова А.А. Становление суверенитета Республики Казахстан. Государственно-правовые проблемы | Алматы,1995. |
| 125 | Баласагуни Юсуф. Благодатное знание | М., 1983. |
| 126 | Бартольд В.В. История культурной жизни Туркестана. Соч. Т.2. | М., 1963. |
| 127 | Басин В.Я. Россия и казахские ханства | Алм. 1971. |
| 128 | Бекмаханов Е.Б. Восстание хана Кенесары | Алматы, 1992. |
| 129 | Бекмаханов Е.Б. Казахстан в 20-40 гг. XIX в. – Алма-Ата, 1992 | Алм. 1992. |
| 130 | Бочагов А. Алаш – Орда. Краткий исторический очерк о национально-буржуазном движении в Казахстане периода 1917-1919 гг. | Алматы, 1996. |
| 131 | Букейханов А. Избранные произведения | Алматы, 1995. |
| 132 | Валиханов Ч. Собр.соч. в 5-ти томах | Алм. 1985. |
| 133 | Вяткин М.Г. Батыр Срым | Алматы, 1998. |
| 134 | Греков В.Д., Якубовский А.Ю. Золотая Орда и ее падение | М – Л., 1950. |
| 135 | Гумилев Л.Н. Древняя Русь и великая степь | М., 1989. |
| 136 | Гумилев Л.Н. Көне түріктер | Алматы, 1994. |
| 137 | Гумилев Л.Н. Хунну | СПб., 1993. |
| 138 | Данияров Қ. Маңғылтану және Шыңғысхан тарихы. //Қазақ тарихы, № 2,4 | 1996 |
| 139 | Дулати М.Х. Тарих – и Рашиди | Алматы, 1999. |
| 140 | Ерофеева И.В. Казахские ханы, ханские династии в XVIII – сер. XIX вв. Культура и история Центральной Азии и Казахстана: проблемы и перспективы исследования | Алм. 1997. |
| 141 | Есенберлин И. Кочевники | Алм. 1976. |
| 142 | Әбілғожин Ж.Б. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық очеркі (XX ғ.). | Алм. 1997. |
| 143 | Әлімгереев Қ. Жошы хан және оның мемлекеті.//Қаз. тарихы, № 4 | 1994 |
| 144 | Жакипова А.Ж. Развитие семейно-брачных отношений в Казахстане | Алм. 1971. |
| 145 | Жиренчин К.А. Политическое развитие Казахстана в конце XIX – | Алматы, 1996. |

| | | |
|---|---|---|
| | нач. XX вв. | |
| 146 | Жиренчин К.А. Формы управления 60-х годов XIX века в Казахстане и их политические и правовые последствия. Дис. канд. юрид. наук | Алм.1979. |
| 147 | Зиманов С.З. и др. Казахский революционный комитет | Алм,1982. |
| 148 | Зиманов С.З. Конституция и парламент Республики Казахстан | Алматы, 1996. |
| 149 | Зиманов С.З. Россия и Букеевское ханство | Алм. 1982. |
| 150 | Зиманов С.З. Теория и практика автономизации в СССР | Алматы, 1998. |
| 151 | Зиманов С.З., Даулетова С.О., Смагулов М.Ш. Казахский отдел Народного Комиссариата по делам национальности РСФСР | Алм. 1959. |
| 152 | Из истории казахов. Сборник | Алматы, 1999. |
| 153 | История Казахстана – белые пятна. /Абылхожин Ж.Б. | Алм, 1991. |
| 154 | История Казахстана и Центральной Азии | Алматы: 2001. |
| 155 | Казахи. Историко-этнографическое исследование | Алматы, 1995. |
| 156 | Казахстан в начале XX в.: методология, историография, источниковедение | Алм. 1993. |
| 157 | Казахстан в эпоху феодализма: проблемы этнополитической истории /Сб.статей. Отв.ред. А.Х.Маргулан | Алм. 1981. |
| 158 | Карамзин Н.М. Предание веков | М. 1988. |
| 159 | Касымбаев Ж. Государственные деятели казахских ханств (XVIII в.). | Алм. 1999. |
| 160 | Кенжалиев З.Ж. Көшпелі қазақ қоғамындағы дәстүрлі құқықтық мәдениет | Алм. 1997 |
| 161 | Кенжалиев З.Ж. Материалы по казахскому обычному праву | Алматы, 1986. |
| 162 | Кенжалиев З.Ж., Даулетова С.О. Казахское обычное право в условиях Советской власти | Алматы, 1993. |
| 163 | Кәрібаев Б. Көк Орданың Ақ Ордаға айналуы.//Егемен Қазақстан | 23.10.1998 |
| 164 | Кляшторный С.Г. Древнетюркские письменные памятники как источник по истории Средней Азии | М - Л. 1964. |
| 165 | Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: Летопись 3-х тысячелетий | Алм. 1992. |
| 166 | Кожахметов Г.З. Государственная Дума и народы Степного края в 1905-1907 гг. | Караганда: 1999. |
| 167 | Козыбаев И.М., Козыбаев М.К. История Казахстана. Хрестоматия | Алм, 1994. |
| 168 | Котов А.К. Суверенный Казахстан: гражданин, нация, народ | Алматы, 1997. |
| 169 | Котов К.Ф. Восхождение к национальному | Алм, 1992. |
| 170 | Көмеков Б. Қыпшақтардың саяси қарым-қатынастары.//Қаз. тарихы, № 1 | 1994 |
| 171 | Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов | Алм. 1955. |
| 172 | Кумеков Б.Е. Государство кимаков IX- XI вв. по арабским источникам | Алм. 1972. |
| 173 | Кунаев Д.А. О моем времени | Алм. 1992. |
| 174 | Кунаев Д.А. От Сталина до Горбачева | Алматы, 1996. |
| 175 | Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей | 1996 |
| 176 | Қадырбаев А. Қазақстан моңғол шапқыншылығы қарсаңында //Қаз т-ы, 2 | 1994 |
| 177 | Малов С.Е. Памятники древнетюркской письменности | М – Л., 1985. |
| 178 | Масанов Н. Кочевая цивилизация казахов | М., 1995. |
| 179 | Материалы по казахскому обычному праву /Под ред. С.З. Зиманова | Алм. 1996. |
| 180 | Михайлов В. Хроника великого джута | Алм. 1990. |

| | | |
|---|---|---|
| 181 | Мусин Ч. Қазақстан тарихы | Алматы, 2003 |
| 182 | Назарбаев Н.А. На пороге XXI века | Алматы, 1996. |
| 183 | Назарбаев Н.А. О формировании Евразийского союза государств. Проект // Азия. Международная газета.- 1994, № 23 | 1994 |
| 184 | Назарбаев Н.А. Стратегия становления государства и права и развития Казахстана как суверенного государства | Алм. 1992. |
| 185 | Назарбаев Н.Ә. Сындарлы он жыл | Алматы, 2003. |
| 186 | Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында | Алматы 1999. |
| 187 | Национально-освободительная борьба под предводительством Кенесары Касымова | Алматы, 1996. |
| 188 | Национально-освободительное движение в Средней Азии и Казахстане в 1916 г. Характер, движущие силы, уроки | Алматы, 1996. |
| 189 | Национальные окраины Российской империи: становление и развитие управления | М., 1998. |
| 190 | Оразбаева А. Историческая роль и социальное сознание института байства// Саясат. – 1997. - № 5 | 1997 |
| 191 | Пищулина К.А. XIY-XY ғғ. I жарт. Қазақстан аумағындағы мемлекеттер.//Егемен Қазақстан | 23.09.1998 |
| 192 | Проблемы казахского обычного права | Алм. 1969. |
| 193 | Сагнаев С., Касымов Р. Ханская власть в казахском обществе// Мысль. 5 | 1998 |
| 194 | Сапаргалиев Г.С. Становление конституционного строя РК | Алматы, 1997. |
| 195 | Сапаргалиев М. Возникновение и развитие судебной системы в Казахстане | Алматы, 1971. |
| 196 | Сафаров Г. Колониальная революция (опыт Туркестана) | Алматы, 1996. |
| 197 | Скрынникова Г.Д. Харизм и власть в эпоху Чингиз-хана | М., 1997. |
| 198 | Созақбаев С. Тәуке ханның Жеті жарғысы | Алматы, 1994. |
| 199 | Сулейменов Р.Б., Моисеев В.А. Из истории Казахстана XVIII века: О внешней и внутренней политике хана Аблая | Алматы, 1988. |
| 200 | Султанов Т.И. Россия и Казахстан: история и проблемы взаимодействия (XVI – нач. XX вв.). – СПб., 1996 | 1996. |
| 201 | Сұлтанов Т. Алтын Орда | Алматы,2004 |
| 202 | Сұлтанов Т. Шыңғыс хан және оның ұрпақтары | Алматы,2003 |
| 203 | Сыздықов С. Қарлық қағанаты шаруашылығы, саяси-әлеуметтік құрылымы //Қазақ тарихы, № 5, 1995 | 1995 |
| 204 | Узбекулы С. Хан Тауке и правовой памятник ”Жеті Жарғы” | Алматы, 1998. |
| 205 | Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVIII–первой половине XIXвв. | Алм. 1981. |
| 206 | Чокаев М. Туркестан под властью Советов | Алматы, 1993. |
| 207 | Эренжен Хаара-Даван. Чингиз- хан как полководец и его наследие. Культурно-исторический очерк Монгольской империи XII– XIV вв. | Алматы, 1992. |


## 3.8. 2017-2018 оқу жылының 3- семестрінде заң институты күндізгі оқыту факультетінің 2-курс (алым – 2016ж.) курсанттарына арналған «Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы» пәні бойынша ТАҚЫРЫПТЫҚ ЖОСПАР

## Кредиттер саны – 1 (45 сағат)

| **қ/с №** | **тақ ыры** | **Тақырыптың атауы** | **Кред. саны** | **Аудиторлық сағат** | **КОӨЖ** | **КӨЖ** |
|---|---|---|---|---|---|---|

| | п № | | (сағ.) | Дәріс | Семин. | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | 1. | Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы пәні, әдістері және заң ғылымдары жүйесіндегі орны | 6 | 1 | 1 | 1 | 3 |
| 2. | 2. | Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы және дамуы | 3 | | 1 | 2 | |
| 3. | 3. | VI-XII ғ.ғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығы | 3 | | 1 | 2 | |
| 4. | 4. | XIII-XV ғ.ғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығы | 3 | | 1 | 2 | |
| 5. | 5. | XV-XVIII ғғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығы | 9 | 1 | 2 | 2 | 4 |
| 6. | 6. | XVIII-XIX ғғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығы | 6 | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 7. | 7. | XX ғ. Қазақстан мемлекеті мен құқығы | 6 | 1 | 1 | 2 | 2 |
| 8. | 8. | Тәуелсіз Қазақстан мемлекеті мен құқығы | 9 | 1 | 2 | 2 | 4 |
| | | **БАРЛЫҒЫ:** | **45** | **5** | **10** | **15** | **15** |

## 3.9. САБАҚ ЖОСПАРЫ

### 1-тақырып
### Қазақстан Республикасының мемлекеті және кұқығы тарихы пәні, әдістері және заң ғылымдары жүйесіндегі орны

***Сабақ мақсаты**: Қазақстан Республикасының мемлекеті мен құқығының тарихын зерделеу, заң пәндерінің салаларын жақсы меңгеруге септігін тигізеді. Заңның салаларға бөлінуі бұл алдағы болған тарихи барыстың нәтижесі. Осыған байланысты курсанттарға Қазақстан территориясындағы жалпы тарихын, оның ішінде мемлекеттері мен құқықтарының пайда болуын, әдісін, оның заң ғылымдары арасындағы алатын орнын жете түсіндіру болып табылады.*

**Дәріс – 1 сағат**

**Жоспар:**

1. ҚР мемлекет және құқық тарихы пәні мен әдістері.
2. ҚР мемлекет және құқық тарихы курсы жүйесі және кезеңдері.

**Дәріс тезисі**

Қазақстан Республикасы егеменді тәуелсіз мемлекет. Оның өз тәуелсіздігіне қол жеткізген күні 1991ж. 16 желтоқсаны екендігі баршамызға аян. Осы кезеңге дейін бұл аймақта талай мемлекеттер белгілі бір заңдылықтарға сәйкес шаңырақ көтеріп, өркендеп, кейін дағдарыстарға ұшырап, тарих қойнауынан біржола жойылып, ал халық жаңа жағдайға тез бейімделіп отырған. Мұндағы мемлекеттік бірлестіктердегі халықтың басым бөлігі - ежелгі сақ тайпалары, ғұн, үйсін, қаңлы мен түрік қағанаты дәуіріндегі, одан кейін Шыңғыс хан шапқыншылығынан соң өмір сүрген мемлекеттердің халықтары болатын.

Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы пәні еліміздің территориясында өмір сүрген түрлі мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы мен құқықтық қатынастарының даму ерекшеліктерін зерттейді. Бұл пән қоғам тарихының бір бөлігі болғандықтан мемлекет және құқық теориясы, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, әдебиеттану тарихы, т.б. салалық тарихи ғылымдармен қатар тұрады да, тарих ғылымының жалпы заңдылықтарын басшылыққа алады. Құқықтық ғылым ретінде ол Қазақстандағы мемлекет пен құқықтың тарихын, олардың әрбір тарихи кезеңдерге сәйкес заңдылықтары мен ерекшеліктерін, пайда болуы мен жойылуын хронологиялық реттілікпен зерттейді. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы пәні:

- мемлекеттік-құқықтық жүйенің пайда болуы мен даму үрдісі, түрлі тарихи кезеңдердің қоғам өміріндегі мемлекет пен құқықтың орны мен рөлі;
- көшпенді өмірдің ерекше тәсілдерін меңгерген, мемлекеттік-құқықтық жүйе элементерінің нысаны мен мазмұн өзгешеліктері болып табылады.

Бұл жерде дәстүрлі мемлекет пен құқық болғандықтан, мемлекеттік-құқықтық жүйе ұғымы, мейлі басқа салалармен тығыз байланыста болса да, жеке дара қарастырамыз. Яғни, мемлекет тікелей немесе жанама құқықтық нормаларды белгілейді және бекітеді, оларды қорғайды, бұзушылық болған жағдайда мәжбүрлеу шарасын қолданады, ал құқық өз кезегінде қоғамдағы саяси қатынастарды реттеп, конституциялық немесе өзге де нормалар арқылы мемлекетке тікелей ықпал етеді. Осындай себептермен біз мемлекет пен құқық тарихын зерделеген уақытта, Қазақстан территориясындағы мемлекеттік-құқықтық жүйенің өмір сүруі, дамуы, ең төменгі тәртіп жүйесі ретінде мемлекет пен құқық болып табылатын элементтері туралы айтуымызға болады.

Басқа пәндер сияқты, Қазақстан мемлекеті мен құқығының тарихында оның, зерттеу әдістері, тәсілдері және принциптері бар.

Әртүрлі әдістердің (методтардың) жиынтығы тарихи - құқықтық ғылымның методикасын құрайды. Қазақстандағы мемлекет пен құқық тарихы пәнімен қоса,

қандай да бір құбылыс пен үрдісті зерделеуде алдын-ала мақсат етілген жетістіктерге жету үшін қажетті әрекеттер, әдіс-тәсілдер, операциялардың бір іздiлiгiн зерттеу әдістері болады. Кез-келген әдіс тапсырманы шешудің негізгі жолын айқындайтын тәсіл және әдістің нақты мазмұнын ашатын, яғни тәсілді іске асыратын қағидаға бөлінеді.Қазақ халқының атауымен аталған Қазақ хандығы 300 жылдай тарих сахнасында өмір сүрді. Міне, осы мемлекеттердің бәрі де бүгінгі Қазақстан Республикасының байырғы халқы және қазақтардың әр кезеңдегі мемлекеттік бірлестіктері деп айтуымызға болады.

Қазақстан Республикасынын мемлекет және құқық тарихы курсынын пәні мен әдістері, максаты мен міндеттері және тарихнамасы.

Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы курсынын пәні мен әдістері. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы курсының мақсаттары мен міндеттері. Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихының баска заң пәндері жүйесіндегі алатын орны. Қазақстан Республикасынын мемлекет және құқық тарихы курсынын кезеңдері. Қазақстан Республикасынын мемлекет және құқық тарихы курсының тарихнамасы.

**Семинар – 1 сағат**

**Жоспар:**

1. «Қазақстан Республикасынының мемлекет және құқық тарихы» пәні мен әдістері.
2. «Қазақстан Республикасынының мемлекет және құқық тарихы» курсы жүйесі және кезеңдері.

***Тапсырма:*** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

**Әдістемелік ұсыным:**

**Бірінші сұрақ бойынша** курсанттар Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы пәні еліміздің территориясында өмір сүрген түрлі мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы мен құқықтық қатынастарының даму ерекшеліктерін ажырата білуі керек. Бұл пән қоғам тарихының бір бөлігі болғандықтан мемлекет және құқық теориясы, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, әдебиеттану тарихы, т.б. салалық тарихи ғылымдармен байланысын зерделеу қажет. Құқықтық ғылым ретінде ол Қазақстандағы мемлекет пен құқықтың тарихын, олардың әрбір тарихи кезеңдерге сәйкес заңдылықтары мен ерекшеліктерін, пайда болуы мен жойылуын хронологиялық реттілікпен зерделегені жөн.

**Екінші сұрақ бойынша** Қазақстандағы мемлекет және құқық тарихын зерделеу XVIII ғасырда басталғандығына назар аудара отырып, бірінші кезекте еуропа ерекше ықылас танытып, орыс ғалымдары қазақтың әдет-ғұрып құқығы мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымындағы ерекшеліктерін зерттегенін

білген жөн. Бұл туралы мәліметтер А. Тевкелев, П. Рычков, И.Г. Георги, П.С. Паллас, И.П. Фалька еңбектеріне көңіл бөлу қажет .

**КОӨЖ – 1 сағат**

**Өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар:**

1. Қазақстан мемлекеті мен құқық тарихын зерттеумен айналысқан, XIX-XXғ.ғ. мейлінше белгілі ғалымдар тізімін құрастыру.

2. И. Фалька, Ш. Уәлиханов, А. Тевкелев, И. Рычков, Л. Гумилев, С. Зиманов, С. Сартаев, Н. Ахметова және т.б. монографияларымен танысу.

***КОӨЖ өткізу нысаны***: Жазбаша және пікірталас түрінде.

**Әдістемелік ұсыным:**

Қазақстан Республикасының мемлекет және құқық тарихы пәні еліміздің территориясында өмір сүрген түрлі мемлекеттердің қоғамдық-саяси құрылысы мен құқықтық қатынастарының даму ерекшеліктерін ажырата білуі керек. Бұл пән қоғам тарихының бір бөлігі болғандықтан мемлекет және құқық теориясы, саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, әдебиеттану тарихы, т.б. салалық тарихи ғылымдармен байланысын зерделеу қажет. Құқықтық ғылым ретінде ол Қазақстандағы мемлекет пен құқықтың тарихын, олардың әрбір тарихи кезеңдерге сәйкес заңдылықтары мен ерекшеліктерін, пайда болуы мен жойылуын хронологиялық реттілікпен зерделегені жөн.

Қазақстандағы мемлекет және құқық тарихын зерделеу XVIII ғасырда басталғандығына назар аудара отырып, бірінші кезекте еуропа ерекше ықылас танытып, орыс ғалымдары қазақтың әдет-ғұрып құқығы мен Қазақ хандығының мемлекеттік құрылымындағы ерекшеліктерін зерттегенін білген жөн. Бұл туралы мәліметтер А.Тевкелев, П.Рычков, И.Г.Георги, П.С.Паллас, И.П.Фалька еңбектеріне көңіл бөлу қажет .

**КӨЖ – 3 сағат**

**Өзіндік жұмыс үшін тапсырмалар:**

1. Рефераттар дайындау.
2. Тестілеу жұмыстарын орындау.
3. Өзіндік пысықтау жұмыстарына дайындалу.

**Реферат тақырыптары:**

1. «Қазақстан Республикасынының мемлекет және құқық тарихы» пәнінің заңгерлік пәндерден алатын орны.
2. «Қазақстан Республикасынының мемлекет және құқық тарихы» пәнінің зерттеу әдістері.
3. «Қазақстан Республикасынының мемлекет және құқық тарихы» пәнін жүйесі мен кезеңдері.
4. «Қазақстан Республикасынының мемлекет және құқық тарихы» пәнін зерттеуші ғалымдар еңбектері.

**Ұсынылатын әдебиеттер тізімі: 1-3, 6, 11, 19, 24, 32, 42, 46, 50, 52, 69, 72, 76, 94, 95, 101, 103.**

## 2-тақырып
## Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік бірлестіктердің пайда болуы және дамуы

***Сабақ мақсаты:*** *Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік құрылыстардың пайда болуы, Сақ-массагет тайпаларының қоғамдық-саяси құрылысы, Ежелгі Ғұн империясы, Үйсін және қаңлы мемлекеттерің зерделеу.*

Алғашқы қауымдық құрылыс адамзат тарихының ең ұзақ кезеңі. Адамдар табиғаттан бөлініп, қоғам болып өмір сүргенге дейін миллиондаған жылдарды бастан өткеріп, тас дәуірі, мыс дәуірі, қола дәуірі сияқты ондаған мың жылдарға созылған кезеңдерді өткізді. Тарихты былай дәуірлеу өндіріс құрал-жабдықтарын пайдалануға және жетілдіруге байланысты болған. Адамдар бірден қоғам болып өмір сүрген жоқ. Олар алғашқы кезде, тас дәуірінде тобыр ретінде өмір сүрді. Тобыр тәртіппен реттелмейтін адамдардың тобы. Табиғаттың дүлей күшіне қарсы бірігіп күресу қажеттігі адамдарды біріктірді. Мұндай тобырда күштінің дегені болды немес биологиялық көрсеткіштер үстемдік етті. Тобыр жағдайындағы некенің түрі топтық неке болды.

Біртіндеп рулық қоғам қалыптасты. Рулық қоғамның басты ерекшелігі ол туыстас адамдардың қауымдастығы болып, ру ішіндегі некеге тиым салынды. Мұндай некені экзогамиялық неке дейді. Осылай рулық қоғамда биологиялық емес әлеуметтік көрсеткіштер немесе алғашқы қоғамдық дәстүрлік тәртіп үстемдік құра бастады. Адамдар арасындағы тұрақты неке мен отбасы қалыптасты. Неке мен отбасы ұзақ эволюциядан өтті. Оларды түрлері туралы арнайы әдебиеттерде жиі айтылады. Ру мүшелері бір-бірімен тең болды. Рулық қоғамның негізгі жоғарғы органы ру мүшелерін сайлап қойған жиналысы болып есептелді. Оны жасы үлкен беделді ру ақсақалы басқарды. Оның басқа ру мүшелеріне үстемдігі болмады. Барлық мәселелер өзара келісіммен, ымырамен шешілетін. Рулық қоғамға сай отбасында, ғылымда патриархалдық отбасы, ер адамның - әкенің билігі жүрді. Ер адам отбасын асыраушы әрі әулетті жалғастырушы болып есептелді.

Жақын рулардың бірлестігінен тайпалар құрылды. Ұзақ ғасырлар табиғаттың дайын өнімдерін жинаумен және аңшылықпен айналысқан адамдар біртіндеп жер және мал шаруашылығына көшіп, өздері өнім өндірушілерге айналды. Мұның өзі басы артық өнімнің пайда болуына әкелді. Алғашқы қауымдық құрылыста адамдардың арасында шын мәніндегі теңдік болды. Алғашқы қауымдық құрылыста мемлекет те, құқық та болмады. Себебі рулық қоғамдық қатынастар ондай қондырмаларды қажет етпеді. Өзін-өзі басқаратын рулық қоғамда құқықтың ролін моральдық, адамгершілік нормалар, әдет-ғұрыптар

мен дәстүрлер атқарды. Әркім өз міндетін ар-ұяты мен руластардың алдындағы жауапкершілікті сезіне отырып орындады. әдет-ғұрып пен дәстүрлер үстемдік құрған, алғашқы қауымдық құрылыс нағыз қарапайым демократияның үлгісі болды. Қазақстан аумағындағы алғашкы мемлекеттік бірлестіктердін пайда болуы. Алғашкы кауымдык құрылыстың ыдырай бастауы және ерекше баскару органдарының пайда болуы: тайпалык кеңес көсемдер және әскери көсемдер. Қазақстан аумағындағы алғашкы мемлекеттің (протомемлекеттің) сипаггамасы. Сак-массагет тайпаларының әскери конфедерациясы. Сақ-массагеттердің коғамдык құрылысының ерекшеліктері.

Ежелгі ғұндардын империясы. Ежелгі ғұндардың империясының қалыптасуы. Мөденін жүргізген саяси-кұқықтық және әскери реформалары. Ғұндардын басқару жүйесі. Тәңіркұтының (Шаньюдің) билігі. Ғұндардағы кеңес. Ғұндардың салық жүйесі және әскери жүйесі. Ғұндардың кұқықтык жүйесі: меншік, мұрагерлік, қылмыс, әскери және әмеңгерлік нормалар. Ғұндардың сырт мемлекеттермен қарым-қатынастары.

Үйсін және Қаңлы мемлекеттері. Үйсін мемлекетінің пайда болуы. Үйсін мемлекетінің баскару жүйесі. Күнбидің мәртебесі. Үйсіндердің әскери жүйесі. Үйсіндердегі меншік, мұрагерлік. неке-отбасы қатынастар. Қаңлы мемлекетінің калыптасуы. Басқару жүйесі. Жабғу билігі. Қаңлылардың әдет заңы. Қаңлылардың әдет заңындағы: меншік, сауда-саттык, қылмыстық қатынастардың реттелу ерекшеліктері.

**Семинар – 1 сағат**

**Жоспар:**

1. Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік құрылыстардың пайда болуы. Сақ-массагет тайпаларының қоғамдық-саяси құрылысы.
2. Ежелгі Ғұн империясы
3. Үйсін және қаңлы мемлекеті.
4. Тестілеу.

***Тапсырма:*** Тақырып бойынша қарастырылған әдебиеттерді пайдалана отырып жоғарыда көрсетілген семинар сұрақтарына ауызша дайындалу.

**Әдістемелік ұсыным:**

**Бірінші сұрақ бойынша** курсанттар Қазақстан аумағындағы алғашқы мемлекеттік құрылыстардың пайда болуының алғы шарттары туралы айту қажет. Осыған орай әскери демократия мәні мен маңызын жете білулері де керек. Сонымен қатар, рулық қоғам, тайпа, потестарлық бірлестіктердің анықтамасын беріп, жария биліктің протестарлық бірлестіктермен байланысын анықтап, сақ-массагет тайпаларын мысал ретінде көрсету арқылы Қазақстан аумағында патшалық билік институтының пайда болу кезеңіне көшу абзал. Алғашқы кауымдык құрылыстың ыдырай бастауы және ерекше баскару органдарының пайда болуы: тайпалык кеңес. көсемдер және әскери көсемдер. Қазақстан

аумағындағы алғашқы мемлекеттің (протомемлекеттің) сипаттамасы. Сак-массагет тайпаларының әскери конфедерациясы. Сақ-массагеттердің коғамдык құрылысының ерекшеліктерін білу керек.

